

Ағзаға пайдалы дәрумендер



Тағамдық улану

- Тағам өнімдері әртүрлі микроорганизмдермен ластануы мүмкін. Жануар текті өнімдерде *біріншілік ластану* және *екіншілік ластану* кезінде микроорганизмдер түсу нәтижесінде дамиды. Тағам өнімдерінде микроорганизмнің ластану көзі болып қоршаған орта объектілері, науқас адамдар, бактерия тасымалдаушылар болады.


Улану көздері




Токсикоинфекция қоздырғыштары

- Микроорганизмдермен ластанған тағам өнімдері әртүрлі тағамдық токсикоинфекциялар және уланулар, сонымен қатар жұқпалы аурулар туғызады. Сальмонелла, шигелла, энтеропатогенді ішек таяқшасы, стафилококк, энтерококктар *Cl. Perfringens* және *Bac. Cereus* сияқты микробтардың көбеюіне байланысты ет тағамдары ауру себебі болуы мүмкін.

- Ет және ет өнімдерін төменгі температурада сақтағанның өзінде, тіптен мұздатылған етте де психрофильді жағдайда көбеюге қабілетті микробтар (псевдомонада, протей, аспергиллалар) кездеседі. Етте мекендейтін микробтар еттің шырыштануын, саңырауқұлақ, кластридии, протей, псевдомонадалар етте шіру, ашу процестерінің дамуына әкеледі.




Қоздырғыштар




Патогенезі

- Көкөніс және жеміс-жидектер ішек таяқшасы, шигелла, стафилококтың энтеропатогенді штамдарымен ластанады. Тұздалған қияр – *Vibrio parahaemolyticus* қоздыратын токсикоинфекция болады.



Тағаммен уланудың таралу көрсеткіші



Клиникалық көріністері

- Тағаммен уланудың алғашқы көріністері ас қабылдағаннан соң, 30 минуттан кейін басталады да, ол бірнеше күнге созылады. Негізгі белгілері: жүрек айну, құсу, дене температурасының көтерілуі, іштегі ауру сезімі, іш өту, адинамия, жүрек-қан тамырлар жүйесінің бұзылыстары байқалады.

Емі




- Негізгі емі – организмнен қоздырғыштар мен токсиндерді жоюға бағытталған. Экстракорпоралдық детоксикация, антидоттық терапия, симптоматикалық ем қолданылады.

Профилактикасы

- Тағамды пайдалану алдында тазалықты сақтау. Сонымен қатар қолдану уақыты өтіп кеткен тағамды пайдаланбау. Жеміс-жидектерді жуып тазалау.



Балалардың колиэнтеритінің қоздырғыштары



Колиэнтерит – 1 жасқа дейінгі балалардың ауыр инфекциялық ауыруы. Ол ас қорыту жолдарының бұзылыстары және токсикоздың пайда болуымен көрінеді. Колиэнтериттің қоздырғыштары – ішек таяқшалары болып табылады.

Этиологиясы және антигендік қасиеттері

- Ауру энтеропатогенді ішек таяқшасының әртүрлі серологиялық типтерімен шақырылады. Олар: 0111В4; 055; В5; 026В6.
- Ішек таяқшасының 3 антигендік қасиеті белгілі: соматикалық (О-антиген), капсулалық (В-антиген) және жгуттық (Н-антиген). Сонымен қатар А және L сияқты антигендері де кездеседі.

Патогенезі


- Колиэнтериттің токсикалық формаларының патогенезі күрделі және ол қоздырғыш бөлетін токсиндердің әсер етуіне байланысты анықталады. Ол өз алдына қантамырлары арқылы өтіп, олардың өткізгіштігін жоғарлатады. Асқазан-ішек жолдарының ферментативтік белсенділігінің өзгеруі, дисбактериоздың пайда болуы аурудың дамуына әкеледі.

Клиникалық көріністері

- Аурудың клиникалық көріністері әртүрлі. Инкубациялық кезең М. С. Маслова бойынша 3-10 күн, Н. А. Яхнина бойынша 1-22 күн б.т. Алғашқы кезеңі ауыр түрде өтеді. Екінші кезеңінде ауру біртіндеп басталады. Қалыпты температурада тәулігіне 1-2 рет құсу, тәбетінің жоғалуы, әлсіздік п.б. Бұл 5-7 күнге созылады. Аптаның соңында температура көтеріліп, токсикоз бен экзикоз п.б.

Эпидемиологиясы

- Инфекция экзогенді жолмен таралады. Берілу механизмі – тұрмыстық-қатынастық немесе астық. Ауру әсіресе күз-қыс айларында жедел өтеді. Таралу көздері – ауру адам және бактериятасымалдаушылар. Жаңа туылған балаларда ауру тасымалдаушы аналары б.т. Сонымен қатар, қазіргі кезде үй жануарлары мен құстар да инфекция тасымалдаушылары деген пікірлер бар.



Емі



- Негізгі емі – терапия жүргізу. Спецификалық және бейспецификалық терапия жүргізіледі. Балаларға тағамды жасына және аурудың басталу ұзақтығына байланысты тағайындайды. Терапияның негізгі компоненті болып С, В1, В2 витаминдерін тағайындау болып табылады.

Профилактикасы

- Негізгі профилактикасы – басқа да ішек ауруларының таралып кетпеуінің алдын алу. Сонымен қатар баланы дұрыс тамақтандыру, физиологиялық жаттығуларды жүргізу және санитарлық-гигиеналық шараларды дұрыс жүргізу болып табылады.





Алдын алуы

Дұрыс тамақтану пирамидасы

